

**Қазақстан Республикасының Экспорт-импорт банкісі мен Орталық Азия
Ынтымақтастық және даму банкісіне қызметтік үй-жайлар бөлу туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1995 жылғы 4 қыркүйектегі N 1224

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Экспорт-импорт банкін және Қазақстанның мемлекеттік Даму банкін қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 21 тамыздағы N 1144 P951144_ қаулысы қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазақстан Мемлекеттік даму банкісі мен Орталық Азия Ынтымақтастық және даму банкісіне қызметтік үй-жай бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 19 қазандағы N 1174 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, ол мынадай жаңа редакциямен берілсін:

"Қазақстан Республикасының Экспорт-импорт банкісіне
қызметтік үй-жай бөлу туралы"

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Экспорт-импорт банкін және қазақстанның мемлекеттік Даму банкін қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 25 тамыздағы N 1144 қаулысы қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкін Алматы қаласының Пушкин көшесіндегі 118-үйге орналастырсын;

үйдің 100 проценттік құнын Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкісінің жарғылық қорына қосу үшін оның құнын бағамдасын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

Орталық Азия Ынтымақтастық және даму банкін оның талап-тілегін ескере отырып , басқа үйге орналастырсын;

Орталық Азия Ынтымақтастық және даму банкі орналасатын үйде отырған барлық кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді он күндік мерзімде көшіретін болсын;

Орталық Азия Ұнтымақтастық және даму банкісінің жарғылық қорына қосу үшін бөлінетін үйдің /үй-жайдың/ құнын бағамдасын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК